

# Қазіргі жастар неге қызығады?

Қазір жана технологиянын заманы. Интернетсіз бір күн тұрмак, бір минутты елестете алмайтын дөрежеге жеттік. Еңбектеген баладан бастап еңкейген қарияға дейін интернетке үніледі. Ал, мамандар телефонға көп қараудың зардабын жазудайын жазып келеді. Сонда да әлі тілі шықпаған сәбиге телефон үстатьып қоятын болдық.

Ал, біз, Қазақстан жастары осындай алып қасіретті женуіміз керек. Бұл үшін не істеген дұрыс? Мениңше, жастар бос уақыттарын текке өткізуелері тиіс. Бұл үшін салауатты өмір салтын үстанип, спортпен айналысқандары тиімді деп есептеймін. Шынықкан шымыр болады. Олар ертегі ел қорғаны. Жастар уақыттарын текке өткізбей, спортпен айналысқандары абыз.


Тағы бір айта кетер мәселе, бүтінде жастар кітап оқымайды деген пікір қалыптасқан. Шын мәнінде олай емес. Қазіргі жастар детектив, фантастика жанрына қатты қызығады. Жуырда Жазушылар одағы «Белес» құрылыс компаниясымен бірігіп үлкен жобаны жүзеге асырды. Үш бірдей тамаша роман жарық керді. «Алқа» баспасынан Мақсат Мәлікітін сиам егіздерінің өмірі туралы «Абыл мен Қабыл», Қанат Әбліқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам», Әлібек Байболдың «Мұтылған» деген мета-романы шықты. «Заманауи қазақ прозасы» деген айдармен шынықкан үш кітап та жастардың сүйіп оқытын шығармалары десем, кателеспеймін. Бір өкініштің, осындай қызық та оқылымды кітаптар біздің қолымызға тиесіндей. Өйткені, аз таралыммен шығады.

«Алқа» баспасы заманауи әйел бейнесін сомдаған повестке байқау жариялағанын естідік. Бүгінгі әйел бейнесі! Шындығында, бұл ете күрделі мәселе. Бүгінгі нарық қыспағындағы, замана мың құбылып тұрған шактағы қазақ әйелдері қандай



булуы керек? Кешегі Нұрила, Ұллан, Зере, Ұлжан сиякты әжелердің өнегесін бүгінгі бойжеткендер біліп өсү тиіс деп ойлаймын. Осы орайда «Әжелер мектебінің» үйретері көп. Біз әр ауылда осындай мектептердің барын естіміз, көріп тे журміз, қыздар тәрбиесінде олардың атқаратын рөлдері зор.

Біз өзіміз оқып жатқан университететте мемлекеттік жастар бағдарламаларын насиҳаттау үшін «Жастарға қызмет» деген бөлім аштық. Қесіпкерлік, қайтарымсыз субсидиялар, тұргын үй, «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында қанша мағыннада бар? Көп жастар оның бірін білсе, бірін білмейді. Қазір пробацияда жүрген, сottalған жастар жұмысқа тұра алмайды. Біздің бөлім осы жастармен де жұмыс жүргізуі қолға алып отыр. Тағы бір ескерілеттің, қала жастары және жасөспірімдердің 46,9 пайызы ақылы үйірмелерге катысадыны айқындалды. Бірақ, тіл үйрететін үйірмелердің көпшілігі ақылы. Бұл жастарға қымбат, студенттердің, оқушылардың қалтасы көтермейді. Қала жастарының, оқушыларының және студенттерінің сабактан тыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында арналы тіл үйрететін ақысыз үйірмелер ашу қолға алынды.



Қазіргі таңда жастар туризм саласына қызығады. Сондықтан әлемдегі барлық елдің тарихы мен географиясын жастарға үйрету үшін арналы белім аштық. Расында, жастар шетелге шығуға неге құмар? Олар 18 жасқа тола салысымен виза жасатып, шетелге кетіп жатады. Әлбette, кез келген адам жақсы өмір сүріп, сапалы білім алып, жан дүниесін байытқысы келеді. Әлеуметтанушылардың пікіріншө, қазақстандық жастар Канада мен АҚШ-қа, Германия мен Туркия, Англия мен Францияға барып, білім алуға және жұмыс істеуге құмартады екен. Әрине, сыртқа оқып, білім алуға қарсы емеспіз, дегенмен тұган жер деген Тәнірді де ұмытпауымыз керек. Әрбір жас елім үшін не істедім деп толғанатын болса, Қазақстан бүгінгідөн де көркейе түседі. Жастар неге қызығады деген сауалға жауап берерде мен «өз елінде жұмыс істегеннен артық ештеңе жоқ» дер едім. Ел ертені – білімді жастар.

Ендеше, сапалы білім, саналы тәрбие алып, туған Отанымызға қызмет ету әр жастың басты борышы болуы тиіс.

**Еркебулан ҚУАНЫШБЕК,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың журналистика факультеттінің студенті.**